

*Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы
ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу
жылындағы №1 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы*

Басықара ауылы

Тамыз 2023 жыл

31.08.2023 жылы №182 орта мектепте өткізілетін

№1 педагогикалық кеңестін

К ү н т ә р т і б і :

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (ТУП) таңдау, бекіту, Оқушы қозғалысы, бірлестік жетекшілерін сайлау, мұғалімдердің сағат жүктемелері, кіріктірілген сабақтардың қамтылуы, тақырыптық жоспарларын бекіту, іс-құжаттарды жаңа оқу жылына дайындау барысы туралы.

*Хабарламашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-
Т.Нұрмаханов.*

2. 2023 -2024 оқу жылындағы сынып жетекшілер мен сыныптардың орналасуы, «Алғашқы қонырау» салтанатты жиынының ұйымдастырылуы, жаңа оқу жылында тәрбие саласы бойынша басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттар туралы.

*Хабарламашы: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-
Ж.Нұрмағамбетова*

3. 2023 – 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың ҰБТ көрсеткіші мен мектеп бітіруші түлектердің орналасуы және 2023 – 2024 жаңа оқу жылындағы басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттар және өзгерістер туралы.

*Хабарламашы: Директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары-
А.Ағыбай.*

4. Ағымдағы мәселелер.

Хабарламашы: Мектеп директоры – Г.Бақытбергенов

Уақыты: 15.00 – химия кабинеті.

1. **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе** «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын таңдау, бекіту. Оқушы қозғалысы, бірлестік жетекшілерін сайлау, мұғалімдердің сағат жүктемелері, кіріктірілген сабақтардың қамтылуы, тақырыптық жоспарларын бекіту, іс-құжаттарды жаңа оқу жылына дайындау барысы туралы» мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов хабарлама жасады.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж №365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу жоспарын білім беру ұйымы дербес таңдап алады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 18 тамыздағы
№ 264 бұйрығымен қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығымен қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1326
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі			2	2	4	144
	Математика және информатика	4,5	3	6	6	21,5	769,5
6	Математика	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	143
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143
	Технология және өнер	3	3	2	2	10	357
10	Музыка	1	1	1	1	4	143
11	Қоркөм сілбесі			1	1	2	72
12	Еңбекке баулу	1	1			2	71
13	Бейнелеу өнері	1	1			2	71
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	90,5	3239,5
Вариативтік компонент							
Білімденіс-ағартымалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	2	1	1	5	179
Вариативтік оқу жүктемесі		1	2	1	1	5	179
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	95,5	3418,5

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің
үлгілік оқу жоспары**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1980
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1080
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	576
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	324
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент								
	Жаһандық қызметтілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары
Ескерту. Үлгілік оқу жоспары жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2304
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		2	2	4	144
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	216
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2520

Үйден оқитын 4 оқушы бар. ПМПК қорытындысына сәйкес оқу бағдарламасы таңдалынып алынды.

1. Жақсылық Эльвира Жеңісқызы 11 сынып – жалпы білім беру бағдарламасы (57-қосымша)
2. Бахыт Әлихан Нұрсұлтанұлы 2 сынып – арнайы бағдарлама (9-тарау)
3. Қарабек Арсен Болатбекұлы 1 сынып – жалпы білім беру бағдарламасы (53-қосымша)
4. Нұртас Әміржан Берікұлы 5 сынып – арнайы бағдарлама (9-тарау)

2022-2023 оқу жылы бойынша – 412 сағат

2023-2024 оқу жылы бойынша – 442 сағат

30 сағатқа артық

Сағат бөлінісі бойынша 1-қосымша

Барлық мұғалім – 40

16 сағатпен – 28 (70%)

14-15 сағатпен – 8 (20%)

8-9 сағатпен – 4 (10%)

2023-2024

Оқыту бойынша сағат бағалығы

р/с	пәні	пән мұғалімі	сыныптар																фак	жалпы сағат
			1а	1б	2	3	4	5а	5б	6	7	8	9а	9б	10	11				
1	қазақ тілі мен әдебиеті	Ағыбай Асылбек									5									5
2	қазақ тілі мен әдебиеті	Сұлтанай Сұлтанай						5							3	3		2		18
3	қазақ тілі мен әдебиеті	Баймағамбетова Жанар							5					5	5				3	18
4	қазақ тілі мен әдебиеті	Кемалова Роза								5										5
5	орыс тілі мен әдебиеті	Садуақасова Елизабет							3		3	3					0,5			9,5
6	орыс тілі мен әдебиеті	Мусакеева Гүлжан			2							3	3	3		2		1	2	16
7	орыс тілі мен әдебиеті	Қапылбаева Бектүр				2	2			3										9
8	ағылшын	Азамбек Марғаш				2	2				3		3	3	3					16
9	ағылшын	Нұрмалымбетова Жанар							3			3						1		7
10	ағылшын	Бекет Тұрсынбай					2	3		3	3	3				3		2		16
11	тарих	Биналбергеліева Гүлдүркен							3		3									6
12	құқық	Рысқұлов Айдын											1	1	1	1			1	5
13	тарих	Жәнісқұлов Жасұлы								3		3	3	3		3				15
14	тарих	Кенжетбай Айнұр						3							3			1	2	9
15	дінтану	Жәнісқұлов Жасұлы																	3	3
16	математика	Абдылова Жаңылган									3			5		6			1	17
17	математика	Асанов Ербол						3					5	5				4		19
18	математика	Ахметова Марғабек							5	5					6				3	19
19	инф	Жеткербаева Бектүр	0,5	0,5	1	1	1	1	1		1	1	1	1	2	2	0,5			14,5
20	инф	Балмашова Гулнәр						1			1	1							1	4
21	физика	Балмашова Гулнәр									2	2	2	2	2	2				12

МАД 1 топ/20 оқушы

Мектепалды даярлық сыныптарына сабақ беретін педагогтың еңбекақысын төлеу туралы.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды орындайды:

- 1) Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу іс-әрекетін өткізеді;
- 1) перспективалық жоспар мен циклограмма құрастырады;
- 1) режимдік сәттерді ұйымдастырады және өткізеді (танертенгі қабылдау, танертенгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т.б.), жеке жұмыс, сауықтыру шаралары және т. б.);
- 1) диагностика (бастапқы, аралық және қорытынды) арқылы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайды;
- 1) ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- 1) білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.) қатысады;
- 1) ертенгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Денешынықтыру мұғалімдеріне ақылы негіздегі үйірмені жүргізу 2023-2024 оқу жылында жалғасын табады.

1. Приазаров Талғат – футбол
2. Алдажаров Бақытжан – волейбол
3. Әжімбет Жаксыкелді – үстел тенісі

Оқушылар қозғалысы бойынша:

1-34/2, 2-11, 3-18, 4-27,
5-32/2, 6-16, 7-25, 8-17, 9-32/2,
10-8, 11-18

2022-2023 оқу жылы соңында – 230/13

2023-2024 оқу жылы басында – 238/14

Бірлестік жетекшілерін бекіту:

Жаратылыстану пәндері бірлестігі – Ахметова Мархаббат

Қоғамдық пәндер бірлестігі – Баймағамбетова Жанар

Бастауыш сынып пәндері бірлестігі – Прманова Гүлжамила

Мұғалімдер аттестациясы

2022-2023 оқу жылында кезекті аттестациядан өтетін педагог қызметкерлер

р/с	Мұғалімнің аты	санаты	Санатқа үміткер
I жарты жылдық			
1.	Жандилов Жасулан Темирбекович	педагог-сарапшы 20.12.2019 ж №152	

2.	Нұрбай Жанібек Қуандықұлы	педагог-сарапшы 20.12.2019 ж №152	
3.	Ағибаева Жанагул Абдихалимовна	педагог-модератор 25.12.2019 ж №144	
II жарты жылдық			
4.	Балманова Гульназ Советовна	педагог-сарапшы 26.08.2019 ж №96	
5.	Нурмаханов Талант Токтасынович	педагог-сарапшы 26.08.2019 ж №96	
6.	Сүйінтай Сұлушаш Сейділдақызы	педагог-сарапшы 26.08.2019 ж №96	
7.	Мырзатаева Жаныл Абдрахмановна	педагог-сарапшы 26.08.2019 ж №96	
8.	Приазаров Талгат Жадигерович	педагог-модератор 24.08.2019 ж №69	
9.	Исмайлова Лаззат Нуржановна	педагог-модератор 24.08.2019 ж №69	
10.	Жеткербаева Бекзат	Педагог-модератор 24.08.2019 ж №69	
11.	Әбіл Гүлназ Базаралықызы	педагог-модератор 24.08.2019	
12.	Ахметова Мархаббат Жанаевна		
13.	Әзімбет Жаксыкелді		
14.	Кенжебаева Айнұр Нұртасқызы	санатсыз	
15.	Ұлықпан Гүлнұр	санатсыз	

Үсыныс:

- 2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар үшін ҚР Білім министрлігінің 264 бұйрығын, 5-9 сыныптар үшін 364-ші бұйрығын, 10-11 сыныптар үшін 412-ші бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасауға;
- «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектеп алды даярлық педагогтерінің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесін 24 сағатпен төлеуге;
- Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері үшін өткен оқу жылында басталған ақылы үйірмен жалғастыруға;
- Аттестациядан мерзімі келіп тұрған педагог қызметкерлерді жетістіктеріне сәйкес біліктілігін қайта қорғауға және біліктілігін көтеруге;

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2023 -2024 оқу жылындағы сынып жетекшілер мен сыныптардың орналасуы, «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынының ұйымдастырылуы, жаңа оқу жылында тәрбие саласы бойынша басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттар туралы» мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нұрмағанбетова хабарлама жасады.

1. Сынып кабинеттерінің орналасуы

Бастауыш сыныптар – өз кабинеттерінде

5^а сынып – Алғашқы әскери даярлық кабинеті, сынып жетекшісі Кенжебай Айнұр

5^б сынып – Математика кабинеті (жоғары), сынып жетекшісі Асан Есбол

6 сынып – Математика кабинеті (төмен), сынып жетекшісі Ахметова Мархаббат

- 7 сынып – Өзін - өзі тану кабинеті, сынып жетекшісі Кемалова Роза
- 8 сынып – Химия кабинеті, сынып жетекшісі Пірназарова Жадыра
- 9^а сынып – Биология кабинеті, сынып жетекшісі Баймағанбетова Жанар
- 9^б сынып – Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, сынып жетекшісі Алдамжаров Б
- 10 сынып – География кабинеті, сынып жетекшісі Жеткербай Бекзат
- 11 сынып – Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті, сынып жетекшісі Бекет Тұрсынай
2. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынының ұйымдастырылуы
- Алғашқы сабақ «Білім күні» байланысты «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында өтеді. Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясын Bilim_kuni хэштегімен өткізу ұсынылады.
3. Жаңа оқу жылында тәрбие саласы бойынша өзгерістерге тоқталатын болсақ, Қызылорда облысы бойынша арнайы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» құрылып жатыр, сол бағыттағы ақпараттар жұмыстары Қазалы ауданында жүргізілді. 2023 – 2024 оқу жылында жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшелігі **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары** бағдарламасы аясында болады. Бұрынғы 8 бағыт болмайды, оның орнына 3 жоба бойынша жұмыс жасалынады. 8 бағыт сол жобаның ішіне кіріктіріледі. Бұл процеске оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңызына тоқталып өтті. Жалпы тәрбие саласы бойынша ортақ жоспар жасалынып жатыр.
4. Мектепшілік кезекшілік пен қоңырау кестесі туралы
- Кезекшілік кестесі**

I ауысым	Уақыты	II-ауысым	II ауысым	Жауапты
Айғабыл Сәнімкүл Сәду Әлішер Жеткербаева Бекзат Ұлықпан Гүліхұр	08 ⁰⁰ -14 ³⁵	Майбала Фазыл	14 ³⁵ – 18 ⁰⁰	Т.Нұрмаханов
Сүйінтай Сұлушан Абилова Жаңылған Елігеева Гүлзада Нұрбай Жәнібек		Шәки Анар	14 ³⁵ – 18 ⁰⁰	Ж. Пірназарова
Бекет Тұрсынай Мусаева Гулназия Алдажаров Бақытжан Баймағанбетова Жанар	08 ⁰⁰ -14 ³⁵	Жәнділова Салтанат	14 ³⁵ – 18 ⁰⁰	Р.Кемалова
Елігеев Гүлзада Әжімбет Жаксыгелді Кенжебай Айнұр Ахметова Мархаббат	08 ⁰⁰ -14 ³⁵	Шүленбаева Жадыра	14 ³⁵ – 18 ⁰⁰	А.Ағыбай
Сәду Әлішер Дүйіс Назгүл Жүніс Жанна Асанов Есбол	08 ⁰⁰ -14 ³⁵	Шарапи Гүлбақыт	14 ³⁵ – 18 ⁰⁰	Ж.Нурмағанбетова

Қоңырау кестесі

	Уақыты	Үзіліс
1	8 ³⁰ – 9 ¹⁵	5
2	9 ³⁰ – 10 ⁰⁵	15
3	10 ³⁰ – 11 ⁰⁵	5
4	11 ¹⁰ – 11 ⁵⁵	15
5	12 ¹⁰ – 12 ⁵⁵	5
6	13 ⁰⁰ – 13 ⁴⁵	5
7	13 ⁵⁰ – 14 ³⁵	

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «2023 – 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың ҰБТ көрсеткіші мен мектеп бітіруші түлектердің орналасуы және 2023 – 2024 жаңа оқу жылындағы басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттар және өзгерістер туралы» мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Ағыбай хабарлама жасады.

2022-2023 оқу жылы бойынша 11- сынып бойынша 16 оқушы мектеп бітірді. ҰБТ-ге 14 оқушы қатысты. Тест 2 кезең бойынша өткізілді. Тест нәтижесі 2 кезең бойынша жоғары балл-119 болса, төменгі балл-51 болды. Ортақ көрсеткіш-82,2 пайызды құрады.

Міндетті пән бойынша ортақ көрсеткіш:

Оқу сауаттылығы-12,6

Қазақстан тарихы-12,8

Математикалық сауаттылық-10,2

Таңдау пәндер бойынша:

Математика-35

Биология-19,1

Қазақ тілі-33

Қазақ әдебиеті-26

География-24,8

Информатика-26

Химия-25,5

Физика-35

ҰБТ-ге қатысқан 14 оқушының 11-і мемлекеттік білім беру грантын иемденсе, 2 оқушы колледжге грант негізінде, 1 оқушы ақылы негізде оқуға түсіп, орналасты.

ҰБТ-ге қатыспаған 2 оқушы ақылы және грант негізінде колледждерге түсті. Яғни, биылғы 11-сыныпты бітіруші түлектер 100 пайыз оқу орындарына орналасты.

Ұсыныс:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша ҰБТ-де жоғары деңгейде нәтижелі көрсеткіш көрсеткен пән мұғалімдерін марапаттауға.

Оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан

Республикасында мүтедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алу және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031);
2.	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916)
3.	«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654)
4.	«Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726)
5.	«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306)
6.	«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
7.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж.	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317)

	№533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен	
8.	«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 17.06.2015ж. №391 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011716
9.	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
10.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. №125 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292
11.	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. №384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446
12.	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279
13.	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420 ;
14.	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085 ;
15.	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553)

16.	«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067 ;
17.	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355
18.	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау кағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare
19.	«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру кағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare

Ұсыныс:

1. Педагог кадрлар оқыту процесін аталған нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруға.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Ағымдағы мәселелер» туралы мектеп директоры Г.Бакытбергенов хабарлама жасады.

1. Мектептің әкімшілігінің жұмыс тәртібі мен жұмыс уақыты.

МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

АТЫ-ЖӨНІ, ТЕГІ	КЕЗЕКШІЛІККЕ ЖАУАПТЫ КҮНІ	ЖҰМЫС УАҚЫТЫ	ТЕКСЕРЕТІН ПӘНДЕРІ
Мектеп директоры <i>Бакытбергенов Гүлдәурен</i>		09.15-13.15 15.00-19.00	Барлық пәндердің мемлекеттік стандарт талабына сай берілуін қалағалайды
Оқу ісі жөніндегі орынбасар <i>Нұрмаханов Талант</i>	Дүйсенбі	09.15-13.15 15.00-19.00	Барлық пәндердің стандартқа сай берілуін қадағалау мақсатында кесте жасап, қадағалауды ұйымдастырады
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар <i>Нұрмағанбаева Жанар</i>	Жұма	09.15-13.15 15.00-19.00	Сынып сағаттарының берілуін бақылайды
Қосымша білім беру педагогы <i>Рысқұлов Айдын</i>	СЕЙСЕНБІ	09.00-13.00 15.00-19.00	Ақылы, ақысыз факультатив сабақтарының берілуін бақылайды
Бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасар	БЕЙСЕНБІ	09.15-13.15	4, 9, 10, 11 сыныптардағы негізгі пәндердің берілуін бақылайды

<i>Ағыбай Асылбек</i>		15.00-19.00	
Ұйымдастырушы педагог <i>Пірназарова Жадыра А Ә Д</i>	СӘРСЕНБІ	09.00-13.00 15.00-19.00	Сыныптан тыс жұмыстардың өткізілуін бақылайды
<i>Нұрбай Жәнібек</i>	СЕНБІ	15.00-19.00	Мектеп кезекшілігін және мектептің ішкі тәртібін қадағалайды
<i>Педагог-психолог – Айғабыл Сәтімқұл</i>		09.00-13.00 15.00-19.00	Мектеп ұжымы мен оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылайды
<i>Педагог-дефектолог – Жүніс Жәния</i>		09.00-13.00 15.00-19.00	Арнайы негіздемесі бар оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды бақылайды
<i>Тәлімгер – Ұлықпан Гүлнұр</i>		09.00-13.00 15.00-19.00	Оқушылардың мектепшілік ұйымдарының жұмысын бақылайды

2. Мектеп формасы:

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаштардағы № 26 бұйрығына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 39) тармақшасына сәйкес болуы керек.

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

Ұлдардың мектеп формасы:

Пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

3. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің лауазымдық міндеттері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығына сәйкес барлық педагог кадрлардың лауазымдық міндеттері таратылып берілді, таныстырылды. Барлығымыз осы бұйрықта көрсетілген лауазымдық міндеттерді атқаруға тиіспіз.

Жалпы жоғарыдағы мәселелерге тоқтала келіп, Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзді басшылыққа алсақ, барлығы да өз жөнімен, дұрыс бағытта жұмыс жасаймыз деп ойлаймын.

№1 Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж №365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 1-4 сыныптар үшін ҚР Білім министрлігінің 264 бұйрығын, 5-9 сыныптар үшін 364-ші бұйрығын, 10-11 сыныптар үшін 412-ші бұйрығын басшылыққа алынсын.
2. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектеп алды даярлық педагогтерінің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесін 24 сағатпен төленсін;
Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері үшін өткен оқу жылында басталған ақылы үйірмен жалғастырылсын; Приазаров Талғат – футбол. Алдажаров Бақытжан – волейбол. Әжімбет Жаксыкелді – үстел тенісі
3. Аттестациядан мерзімі келіп тұрған педагог қызметкерлерді жетістіктеріне сәйкес біліктілігін қайта қорғауға және біліктілігін көтеруге жұмыс жасалсын.
4. Бірлестік жетекшілері төмендегі құрамда бекітілсін: Жаратылыстану пәндері бірлестігі – Ахметова Мархаббат. Қоғамдық пәндер бірлестігі – Баймағамбетова Жанар. Бастауыш сынып пәндері бірлестігі – Прманова Гүлжамилә
5. 2023 – 2024 оқу жылының сағат бөлінісі №1 қосымшаға сай бекітілсін.
6. Сыныптар кабинеттерге №2 қосымшаға сәйкес орналастырылсын.
7. Мектепшілік кезекшілік пен қоңырау кестесі №3 қосымшаға және №4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
8. Алғашқы сабақ «Білім күні» байланысты «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында өткізілсін.
9. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында өткізілсін.
10. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша ҰБТ-де жоғары деңгейде нәтижелі көрсеткіш көрсеткен пән мұғалімдері аудандық, облыстық марапаттауға ұсынылсын.
11. 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» заңдары басшылыққа алынсын.
12. 2023 – 2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта арнайы көрсетілген заңдар, заң актілері және нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.
13. Мектеп әкімшілігінің жұмыс тәртібі мен жұмыс уақыты, барлық әкімшілік мүшелерінің келісімімен кестеге сай бекітілсін. Жұмыс уақыты еңбек шартында көрсетілсін. Мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 39) тармақшасына сәйкес бекітілсін.

14. Барлық педагог кадрлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығына сәйкес жұмыс жасасын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:



[Signature]

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

[Signature]

Ж.Жүніс